

Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 158 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2125. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті мен Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге сәйкес және "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуіне арналған қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Халықаралық қатынастар басқармасы (С.М.Нұрғалиева) осы бұйрықты Ресей Федерациясының Мемлекеттік кеден комитетіне жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Автоматтандыру және кедендік статистика департаменті (В.И.Варченко) және Қазақстан Республикасының кеден органдары есеп жүргізу мен статистикалық деректерді бақылау үшін статистикалық кәртішкелерді жасауға мүмкіндік беретін ақпарат алмасудың тиісті бекітілген тетігін пайдалансын, сондай-ақ ай сайын жұмыс істеп тұрған электрондық байланыс желілері бойынша ақпараттармен алмассын.

4. Қазақстан Республикасының кеден органдары:
"Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарына

кедендік бақылауды жүргізу кезінде Ресей Федерациясының кеден қызметімен
ө з а р а і с - қ и м ы л д ы ;

"Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарының мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

6. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі (Г.Т.Исахан) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.С.Айсағалиеваға ж ү к т е л с і н .

8. "Байқоңыр" кешеніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін қазақстан-ресей шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 348-П бұйрығының (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 2000 жылғы 2 ақпандағы N 43 бұйрығымен енгізілген толықтыруларымен қоса, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 тамызда N 877 болып тіркелген) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

9. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының міндетін*

атқарушы

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2002 жылғы 25 желтоқсандағы
N 158 бұйрығымен
бекітілген

"Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік

құралдарына кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу туралы нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті мен Ресей Федерациясының Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және Ресей Федерациясына "Байқоңыр" кешенінен әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылы 6 шілдеде жасалған Келісімнің негізінде әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықтың қолданылуы "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуі үшін қажетті тауарлар мен көлік құралдарына (бұдан әрі - тауарлар) қолданылады.

Кеден мақсаттарына арналған тауарлардың мәртебесі:

1) "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелу кезінде көліктік және тауарларға ілеспе құжаттардың оң жақ төменгі бұрышында ресейлік кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылған кепілді міндеттеменің күні мен нөмірі туралы белгімен;

2) "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкету кезінде Қазақстан Республикасының кеден органына жүк алу үшін тауарларды мақсатты пайдалануы туралы міндеттемесін (1-қосымша) ұсыну жолымен расталады.

3. Тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды Қазақстан Республикасының кеден органдары оңайлатылған тәртіппен, лицензиялар мен мемлекеттік органдардың басқа да рұқсаттарын ұсынбастан, кеден төлемдерін, салықтарын және алымдарын төлеместен, жүктік кедендік декларацияларды ұсыну жолымен мәлімдеместен, сондай-ақ мұндай тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймаларына міндетті түрде орналастырмастан жүзеге асырады.

4. Тауарларды кедендік тексеру ерекше жағдайларда, тауарлардың нақты партиясы Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасын бұза отырып өткізілуде деуге жеткілікті негіздеме болғанда ғана жүргізіледі. Бұл орайда, тапсырыс берушінің (әскери қабылдаудың) және техникалық бақылау бөлімдері (бұдан әрі - ТББ) өкілінің пломбаларымен, сондай-ақ кәсіпорындардың және олардың ТББ-ларының пломбаларымен тұрған тауарларды кедендік тексеру жабдықтаушылар кәсіпорындарының қауіпсіздік қызметімен (режимімен) және/немесе "Байқоңыр" ғарышжайының мамандарымен келісім бойынша осы мақсат

үшін арнайы лайықталған үй-жайларда жүзеге асырылады.

5. Осы Нұсқаулықтың қолданылуы таратылатын тауарларға қатысты тауарларды кедендік бақылаумен өткізудің Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасымен көзделген шарттарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ш а р л а р қ о л д а н ы л м а й д ы .

6. Осы Нұсқаулықтың қолданылуы таратылмайтын "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу және кедендік бақылау Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау

7. Тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу үшін Қазақстан Республикасының к е д е н о р г а н ы н а :

- 1) көлік құжаты мен оның бір көшірмесі;
- 2) тауарға ілеспе құжаттар;
- 3) тауарлардың атауларын, олардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасын (бұдан әрі - ТМД СЭҚ ТН) бойынша кодтары және АҚШ долларындағы статистикалық құнын міндетті түрде көрсету арқылы тауарлардың тізімі;
- 4) жүк алушының тауарларды мақсатты пайдалануы туралы міндеттемесі (1-қосымша) (бұдан әрі - міндеттеме) ұсынылуы тиіс.

Бұл ретте, көліктік және тауарға ілеспе құжаттардың оң жақтағы төменгі бұрышында ресейлік кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен расталған кепілді міндеттеменің күні мен нөмірі тур а л ы б е л г і б о л у ы т и і с .

8. Кеден органының лауазымды адамы:

1) көлік құжаттарын тіркеуді жүргізеді. Тіркеу нөмірі тіркеу журналы бойынша орталық кеден органы ЖКД тіркеу жағдайына белгілеген ережеге сәйкес беріледі. Реттік нөмірдегі тіркеу нөмірін (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 сәуірде N 291 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті төрағасының 1995 жылғы 26 қыркүйектегі N 127-Ө бұйрығымен (бұдан әрі - ЖКД-ды толтырудың тәртібі туралы нұсқаулық) бекітілген Жүктік кедендік декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықтың 2.4-тармағына сәйкес 5-элемент) құру кезінде бөлшектен кейін "9" саны қойылады;

2) мәлімделген мәліметтердің сәйкестігі мен толықтығын тексереді және көлік құжатының түпнұсқасы мен көшірмесіне "Шығаруға рұқсат етіледі"

м ө р т а ң б а с ы н

қ о я д ы ;

3) декларантқа көлік құжатының түпнұсқасын тапсырады;

4) қоса берілетін тауарға ілеспе құжаттармен бірге көлік құжатының көшірмесін, сондай-ақ тауарлардың тізімі мен міндеттемені кеден органының м ұ р а ғ а т ы н а б е р е д і .

9. Оларға қоса берілетін тауарлардың тізімі және міндеттемемен бірге көлік құжаттарының, тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерін беру және сақтау қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау

10. Тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізу үшін Қазақстан Республикасының кеден органына:

1) көлік құжаты мен оның бір көшірмесі;

2) тауарға ілеспе құжаттар;

3) тауарлардың атауларын, олардың ТМД СЭҚ ТН бойынша кодтары және АҚШ долларындағы статистикалық құнын міндетті түрде көрсету арқылы т а у а р л а р д ы ң т і з і м і ;

4) жүк алушының тауарларды мақсатты пайдалануы туралы міндеттемесі (1-қосымша) (бұдан әрі - міндеттеме) ұсынылуы тиіс.

11. Кеден органының лауазымды адамы:

1) көлік құжаттарын тіркеуді жүргізеді. Тіркеу нөмірі тіркеу журналы бойынша орталық кеден органы ЖКД тіркеу жағдайына белгілеген ережеге сәйкес беріледі. Реттік нөмірдегі тіркеу нөмірін (Жүктік кедендік декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықтың 2.4-тармағына сәйкес 5-элемент) құру кезінде бөлшектен кейін "9" саны қойылады;

2) мәлімделген мәліметтердің сәйкестігі мен толықтығын тексереді және көлік құжатының түпнұсқасы мен көшірмесіне "Шығаруға рұқсат етіледі" м ө р т а ң б а с ы н қ о я д ы ;

3) декларантқа көлік құжатының түпнұсқасын тапсырады;

4) қоса берілетін тауарға ілеспе құжаттармен бірге көлік құжатының көшірмесін, сондай-ақ тауарлардың тізімі мен міндеттемені кеден органының м ұ р а ғ а т ы н а б е р е д і .

12. Оларға қоса берілетін тауарлардың тізімі және міндеттемемен бірге көлік құжаттарының, тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерін беру және сақтау жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

13. Кеден органы статистика бөлімінің лауазымды адамы статистикалық нысанды (2-қосымша) жасайды.

4. Жеке тұлғалар "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкететін тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау

14. Жеке тұлғалар "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясының аумағына әкететін тауарларды кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

"___" N _____

(кеден органының атауы)

Тауарлар мен көлік құралдарын мақсатты пайдалану туралы міндеттеме

"Байқоңыр" кешеніне әкелу !____! "Байқоңыр" кешенінен әкету!____!
жүк алушының (жүк жөнелтушінің) атауы _____
әкелу (әкету) үшін негіздеме _____

(күні және шарттың немесе өзге құжаттың нөмірі)

тауарлар _____ сәйкес
(тауарлар тізімінің N, орындарды жалпы саны, салмағы, стат. құны көрсетіледі)

Әкелудің (әкетудің) мақсаты _____

Мәлімделген мәліметтердің дұрыстығын растаймыз

Мөр

Ұйым басшысының
(әскери бөлім командирінің)

ҚОЛЫ

(күні)

Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және

"Байқоңыр" кешенінен Ресей
 Федерациясына әкелінетін/әкетілетін тауарлар
 мен көлік құралдарына кедендік
 бақылау мен кедендік ресімдеу
 жүргізу туралы нұсқаулыққа
 2-қосымша

Статистикалық нысан

1. "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін/әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу мақсатында қолданылады және көрсетілген тауарларға кедендік ресімдеу жүргізу барысында кеден органына тікелей ұсынуға арналған міндетті құжат болып табылмайды.

2. Кеден органының лауазымының адамы жүктік кедендік декларацияның (ЖКД) бағандарын толтыруға ұқсас электронды түрде тауарлардың әр бір партиясына арнап, тауарларды шығару жүзеге асырылғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей толтырады.

3. ЖКД-ның бағандары Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында көзделген тәртіппен толтырылады.

4. 54-бағанда кеден органының статистикалық нысанды жасаған лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрі қойылады.

Статистикалық нысанда толтырылатын ЖКД бағандарының тізбесі

ЖКД бағандары	Экспорт
2	X
7	X
8	X
17a	X
31	X
33	X
34	X
38	X
41	X
46	X

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК